**«Ә.Марғұлан атындағы жалпы білім беру орта мектебі» КММ**
**Қамқоршылық кеңесі отырысының**
**№3 хаттамасы**

**Өткізу мерзімі:** 27.12.2017 ж
**Өткізу орны:** Ә.Марғұлан атындағы жалпы білім беретін орта мектеп (тарих кабинеті)
**Отырыстың басталуы: 17.00**
**Отырыстың аяқталуы: 17.50**
**Қатысқандар:**
1. Музапарова Ляззат Кулкешевна – жеке кәсіпкер «Музапарова», Кеңес төрағасы
2. Акимбекова Айнур Азатбековна – ата-аналар комитетінің төрайымы, кеңес мүшесі
3. Абен Оразалы Болатұлы – учаскелік полицей, кеңес мүшесі
4. Жумагельдинов Мажит Сандыбаевич – «Ағыбай» шаруа қожалығының басшысы, кеңес мүшесі
5. Аденова Тулеутай Олжиновна – Құндыкөл ауылдық дәрігерлік амбулаториясының бас дәрігері, кеңес мүшесі
6. Идрисова Жибек Туяковна – ата-ана, кеңес мүшесі
7. Есмагамбетов Жасулан Тойбекович – Құндыкөл ауылдық округі аппаратының бас маманы, кеңес мүшесі
8. Сулейменов Канат Мукашевич – ата-ана, кеңес мүшесі
9. Мукушева Батима Кайыровна –хатшы

Мектеп директоры М.А.Смагулов , директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.К.Аужанова

**Қатыспағандар:** жоқ

**Күн тәртібінде:**

1. I жартыжылдық қорытындысы.
2. Қамқоршылық кеңесінің II жартыжылдық жоспары

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша мектеп директоры М.А.Смагулов сөз алды. Мектебіміз қыркүйек айынан бастап бес күндік оқу жүйесіне көшкен болатын. Бұл жөнінде қамқоршылық кеңесі мен ата-аналар жиналысы өткізіліп, өзара келісілді. Сабақ, қоңырау кестелері құрылып, бекітілді. Мектебімізде жаппай оқу қорынан 84 бала тегін ыстық тамақпен қамтылса, 3 оқушы демеуші есебінен, қалғандары ата-ана тарапынан ыстық тамақпен қамтылған. «Мектепке жол» акциясы аясында 17 балаға көмек көрсетілді. Мектепте қыркүйек айынан бастап рейд кестесі құрылып, сынып жетекшілер мен мектеп әкімшілігі кезекшілік атқарады. Мектебіміздің сыртқы

алаңы қоршауға алынды. Сонымен қатар, ақпан айында мектеп мұражайына жөндеу жұмыстары жспарлануда.

Жаңа жыл қарсаңында әлеуметтік категориялары бар 24 оқушыға жаңа жылдық сыйлықтар беріліп, мектепішілік жаңа жыл мерекесін өткізуге 17000 теңге көлемінде ақшалай көмек көрсетілді. Демеуші болған жеке кәсіпкерлер, шаруа қожалықтары, ауыл әкімшілігі, мәдениет үйі және ауыл азаматтары.

Екінші мәселе бойынша, қамқоршылық кеңесінің төрайымы Л.К.Музапарова сөз алды. 2017-2018 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен таныстырды. Сонымен қатар, Л.К.Музапарова құқықтық мәртебеге ие болу, қазынашылық органда арнайы шотты тіркеуін ұсынды. Қамқоршылық кеңесінің жоспары бекітілді.

3. ІІ жартыжылдыққа арналған жұмыс жоспары.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.К.Аужанова ІІ жартыжылдыққа арналған жұмыс жоспарымен таныстырды. Бұл жоспарда негізгі жұмыс жасау бағыттары көрсетілді. Қамқоршылық кеңес мүшелері екінші жартыжылдыққа арналған жұмыс жоспарын бекітті.

**Шешім:**

1. Қамқоршылық кеңесі мектептің жұмысына оң бағасын беріп, жұмыстарын ары қарай жалғастыруын ұсынды.
2. Қамқоршылық кеңесінің мүшелері 2017-2018 оқу жылының ІІ жартыжылдығына арналған жұмысын бекітті.
3. Құқықтық мәртебеге ие болу және қазынашылық органдарда арнайы шоттарды тіркеу.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы: Л.К.Музапарова
Қамқоршылық кеңесінің хатшысы: Б.Т.Мукушева